

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 653 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

7 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

1) 2004 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының теңгерімінен берілген жалпы білім беру оқу орындарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қаражат бөлу туралы шешімдердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілсін;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен 2004 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы бекіткен нысан бойынша жасалған әскери тасымалдар жөніндегі оның шығындарын өтеу жөніндегі кредиторлық берешек тізілімінің негізінде 024 "Мемлекетаралық әскери тасымалдар жөніндегі өткен жылдардың міндеттемелерін орындау" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңда көзделген қаражат шегінде "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының алдындағы кредиторлық берешекті өтесін. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының есеп шотына қаражат аудару үшін "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктердің, дебиторлық берешекті толығымен жазып есепті қаржы жылының бухгалтерлік теңгерімі мен айналым теңгерімінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны көрсеткен мемлекетаралық әскери тасымалдар жөніндегі қызметтер көрсетуінің құнын тексеру актілерінің және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша мемлекетаралық әскери тасымалдарды жүзеге асыруды растайтын "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі арасындағы салыстыру актілерінің көшірмелерін қоса бере отырып, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының әскери тасымалдар шығындарын өтеу жөніндегі кредиторлық берешектің тізілімін жасасын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК